

Мәслихаттың 2020 жылғы 18 тамыздағы № 554 "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 167 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 мамырда № 10187 -10 болып тіркелді

Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы" 2020 жылғы 18 тамыздағы № 554 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9388 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында "жиналыстарды, митингілерді және пикеттерді ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындар" деген жол жаңа редакцияда жазылсын:

"Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындар";

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының 18-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз рұқсат етілген қашықтық кемінде 100 метрді құрайды;

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының 20-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Мынадай объектілердің іргелес аумақтарының шекараларынан 800 метр қашықтықта пикет өткізуге жол берілмейді:

1) жаппай жерлеу орындары;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілері және оларға іргелес аумақтар;

3) ауданның қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес аумақтар;

4) пайдалану қауіпсіздік техникасының арнайы қағидаларын сақтауды талап ететін қауіпті өндірістік объектілерге және өзге де объектілерге іргелес аумақтар;

5) магистральдық темір жол желілері, магистральдық құбырлар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері және оларға іргелес аумақтар."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының төрағасы

М. Сартов